



## Қызметін Әуликөл ауданының аумағында жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкалары туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2009 жылғы 20 наурыздағы № 100 шешімі. Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әділет басқармасында 2009 жылы 6 сәуірде № 9-7-95 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2010 жылғы 19 сәуірдегі № 185 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 19.04.2010 № 185 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 421, 422 баптарының негізінде Әуликөл аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қызметін Әуликөл ауданының аумағында жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
жетінші сессиясының төрағасы*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Г. Сухотепляя*

*А. Бондаренко*

Мәслихаттың  
2009 жылғы 20 наурыздағы  
№ 100 шешіміне қосымша

### Қызметін Әуликөл ауданының аумағында жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкалары

Рет №	С а л ы қ объектісінің атауы	Бірыңғай тіркелген салық ставкалары (айлық есептік көрсеткішпен)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	12
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	18
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	4
4	Бильярд үстелі	25

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК